

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

ЖОБА

**ӨНЕР БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖОО-ЛАРДА
АДАМДАРДЫҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНЕ
СӘЙКЕС ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ
БІЛІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ**

Алматы 2025

Инклюзивті білім беруді дамытудың мақсаты, негізгі міндеттері, қағидаттары, тетіктері және шарттары

Инклюзивті білім беруді өнер саласында дамытудың мақсаты – барлық санаттағы тұлғалардың сапалы білім алуға тең құқықтарын жүзеге асыру.

Инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі міндеттері:

-инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық, оқу-әдістемелік негіздерін жетілдіру (оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді бейімдеу және түрлендіру, оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесін енгізу);

- білім алушыларға дараланған түзете-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету, қолайлы білім беру ортасын құру, өзін-өзі бағалауды арттыру, оқуға және әлеуметтенуге деген уәжділікті күшейту;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың жоғары білім деңгейінде оқуын жалғастыруына жағдай жасау, әрі қарай кәсіби мамандықты меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Инклюзивті білім беруді дамытудың қағидаттары:

-білім беру үлгілерінің бейімділігі және әрбір білім алушының ерекшеліктеріне, білім беру қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес оқыту мен дамытудың даралануы;

-ерекше білім беру қажеттіліктері бар барлық тұлғалар үшін білім беру ортасының қолжетімділігі мен ашықтығы;

-адамның шектеулі мүмкіндіктеріне әлеуметтік тұрғыдан қарау, яғни мүгедектік немесе дамуындағы өзге ерекшеліктер «мәселе иесі» ретінде қарастырылмайды.

Инклюзивті білім беруді әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету көздейді:

-өнер саласында инклюзивті білім берудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздерін әзірлеу;

-ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын бейімдеу (білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар, негізгі пәндер бойынша оқыту нәтижелері мен дағдылары, оқу процесін ұйымдастыру жағдайларына қойылатын талаптар);

-оқыту нәтижелерін мониторингтеу және бағалау жүйесін әзірлеу;

-білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін инклюзивті білім беру жағдайына бейімдеу;

-үйде оқыту сапасын бағалау жүйесін әзірлеу;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту жағдайына ЖОО-ның үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бейімдеу.

Кадрлық қамтамасыз ету көздейді:

-инклюзивті тәжірибені жүзеге асыратын ұйымдарда жұмыс істеу жағдайына педагогтардың дайын болуын қамтамасыз ету;

-ЖОО-да психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында арнайы штаттық тьюторларды, арнайы психологты, ымдау тілінің маманын (сурдотіл маманын) енгізу.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету көздейді:

-ЖОО-ның материалдық-техникалық базасын нығайту тетіктерін әзірлеу, арнайы оқу-әдістемелік, техникалық көмекші, компенсациялық құралдармен қамтамасыз ету және қолжетімді «кедергісіз орта» құру;

-ЖОО-ларды көмекші техникалық құралдармен (тифло-, сурдо- және т.б. техникалар) қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды әзірлеу, бұл білім беру бағдарламаларын меңгеру тиімділігін арттырады, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оқу кабинеттері мен аудиторияларда арнайы орындардың болуын қамтамасыз етеді.

Инклюзивті білім беруді дамытудың ақпараттық қамтамасыз етілуі көздейді:

-ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға қоғамның толерантты көзқарасын қалыптастыру үшін жұртшылықты, үкіметтік емес ұйымдарды тарту;

-білім алушылардың өтемдік техникалық және көмекші құралдарға қажеттілігін технико-экономикалық тұрғыдан негіздеу.

Іске асырудың негізгі шарттары:

- оқу-әдістемелік, кадрлық және басқа да ресурстарды жетілдіру;
- әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды жасау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың әлеуметтік бейімделуі мен кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау;
- білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, АКТ қолдануды қамтамасыз ететін интерактивті оқытуды ұйымдастыру.

Күтілетін нәтижелер 2023–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына сәйкес инклюзивті білім беруді дамытудың тиімді көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- барлық адамдар үшін сапалы білімге тең қолжетімділік, қоғамның инклюзивті үдерісіне қанағаттануы, мүмкіндігі шектеулі адамдарға толерантты көзқарас қалыптастыру;
- жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу әдістемесін жасау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған жоғары білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- ЖОО-ның материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқытудың қосымша техникалық құралдарымен жабдықтау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың өнер саласында кәсіби даярлығын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

Кәсіби бағдар беру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды даярлау ісінде коллаборация мақсатында Академия басшылығы АРДИ (мүгедек балалардың ата-аналары қауымдастығы) төрайымы А.Т. Ахтановамен және «Кеңес» оңалту орталығының жетекшісі М.М. Сүлеева-Хамзинамен іскерлік кездесулер өткізуде. Аталған қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық жөнінде меморандумдарға қол қою туралы келісім жасалған.

«ӨНЕР» БАҒЫТЫ БОЙЫНША ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА өнер саласында инклюзивті білім беруді жүзеге асыру бойынша белгілі бір тәжірибеге ие.

Мысал:

№	Бакалавриат ББ атауы	Кімдер оқи алады	Оқуға қажетті шарттар	Қолданыстағы тәжірибе
1	Кескіндеме	1) есту және сөйлеу функциялары бұзылған мүгедектер, 2) есту функцияларының орташа бұзылулары бар мүгедектер.	1.Сурдоаудармашының болуы 2. Нашар еститіндерге арналған веб-камерасы бар бейне компьютерлер	Дайындық тәжірибесі бар. Танымал Түлектер - А.Абжанова Ким және басқалар
2	Мүсін			
3	Графика			
4	Дизайн			
5	Сәндік-қолданбалы өнер			
6	Сән және костюм дизайны			
7	Сценография			
8	Эстрада өнері. Эстрадалық вокал	1)Көзі көрмейтін мүгедектер	1. Кітапхананың болуы Брайль бойынша 2. Нашар көретіндер мен зағиптарға арналған компьютерлік техника және БҚ	Дайындық тәжірибесі бар. Танымал түлектер- Руслан Башаев
9	Режиссура Дыбыс режиссурасы	1) аяқтарының функциялары бұзылған мүгедектер 2) Көзі көрмейтін мүгедектер	Арбамен жүрушілерге арналған аудиторияларды жарақтандыру. Жоғарғы қабаттарға көтерілуге арналған пандустар	Дайындық тәжірибесі бар. Танымал түлектер- Жадыгеров А.
10	Өнертану	1) аяқтарының функциялары бұзылған мүгедектер	Арбамен жүрушілерге арналған аудиторияларды жарақтандыру. Жоғарғы қабаттарға көтерілуге арналған пандустар	Жоқ
11	Операторлық өнер	1) есту функцияларының қалыпты бұзылулары бар мүгедектер.	Арбамен жүрушілерге арналған аудиторияларды жарақтандыру. Жоғарғы қабаттарға көтерілуге арналған пандустар	Жоқ

12	Арт-менеджмент	1) аяқтарының функциялары бұзылған мүгедектер	Арбамен жүрушілерге арналған аудиторияларды жарақтандыру. Жоғары қабаттарға көтерілуге арналған пандустар	Жоқ
13	Актер өнері	Осы контингентпен жұмыс істейтін мамандар жоқ Инклюзивті театр үшін кадрлар даярлау және дамыту жобасы «Театр өнері» факультетінде әзірленуде. Жобаны енгізу мерзімі - 2025-2027 жж.		
14	Хореография педагогикасы	Осы контингентпен жұмыс істейтін мамандар жоқ		